

**8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау**  
**(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша**  
**философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған**  
**Жумаш Жанара Еркиновнаның «Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ**  
**бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру»**  
**тақырыбындағы диссертациясына**  
**ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңын» және Қазақстан Республикасы Үкіметі 2021 жылғы 12 қазанда бекіткен ««Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Бұған қоса, ел Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаевтың Жолдауларында оқушылардың да, болашақ мамандардың да функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесінің он шешімін іздестіру Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев мұғалімдердің Тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде мұғалім даярлаудың күрделі түстарын қазақ халқының танымымен байланыстырганы өзекті болып отыр.</p> <p>Зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейтін тағы бір мәселе – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі мәселесі мемлекет және қоғам қойып отырган талап пен қажеттіліктерге уақтылы жауап беру екенін айқын көрсететіндігімен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы ішкі ерекшеліктерінің бірі бастауыш білімнен бірнеше дербес пәндердің әдістемесін менгеруі, сонымен қатар әр пәннің білім мазмұнын терең түсінуі маңыздылығымен, осы орайда</p>

		<p>сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін қалыптасу мәселесі негізінде зерттелуімен. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оку бағдарламасына сай оқытылып үйретіletіn сауат ашуға арналған материалдарды біліп қана қоймай, студенттердің бағдарламалық талаптарды менгеруіне мүмкіндік беретіндей оқыту әдістемесін игеріп шыгулары, тілдік те, әдістемелік те білімі болуы тиіs. Жоғарыда айтылған білім берудің заңнамалық құжаттары мен оку құrалдарында сай беріліp отырган міндеттер мен бағыттар «Сауат ашуға үйрету үдеріsінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбының өзектілігі мен өміршендігін аша түsеді. Сондықтан Ж.Е.Жумаштың диссертациялық тақырыбының өзектілігі жоғарыда көрсетілген мәселелермен жәne біlіm мен ғылымды дамытудағы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыстылығын танытады.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі);      2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы)  <u>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</u></p>

2.	Фылымға маныздылығы	<p><u>Жұмыс фылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаған.</u></p>	<p>Зерттеу жұмысы бастауыш білім беру ғылыминың дамуына елеулі үлес қосады.</p> <p>Қазіргі қоғам талаптарына сай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық тұргыда негіздеу мен оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жасалмағандығын дәлелдеген.</p> <p>Біріншіден, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда «креативтілік», «креативті құзыреттілік» ұғымдары мен «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» түсінігінің мәні нақтыланды, құрылымдалды және әдіснамалық маңызы ретінде басшылыққа алынатын тұғырлары мен ұстанымдары түзілді.</p> <p>Екіншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары біртұтас бағыттың жеке тұлғалық және кәсіби қырларының сипатталуымен, креативтік білім берудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерінің менгерілуімен оның тәжірибемен байланыстырылығын, дидактикалық тұргыдан креативті әлеуетін іске асыруды қамтамасыздандырады.</p> <p>Үшіншіден, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі өлшемдік, технологиялық, тұжырымдамалық блоктардан тұратын мотивациялық-мақсаттылық, гносеологиялық, практиологиялық компоненттердің өлшемдері мен көрсеткіштері іріктелген, өте жогары, жогары, орташа, төмен деңгейлері</p>
----	------------------------	---	--

			<p>анықталған құрылымдардан тұрады.</p> <p>Төртіншіден, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауышсынып мұгалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі: «Креативті тұргыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы, бастауышсынып оқушыларына арналған креативті тапсырмалар кешенінен тұрады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>жогары</u>;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаган</li> </ol>	<p>Орындалған жұмыс дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысының өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертанттың жүргізген жұмыстары оның зерттеу үдерісіне деген ғылыми көзқарасының пайда болуына мүмкіндік береді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>негізделген</u>;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертация өзектілігінің <i>негіздемесі</i> жоғары оқу орындарында болашақ бастауышсынып мұгалімдерінің сауат ашуға үйрету үдерісіне ендірілген кешенді тапсырмалар жүйесін көрсетуі және қоғамның креативті педагог кадрларға сұранысы мен олардың кәсіби даярлығында сауат ашуға үйрету үдерісінде креативті құзыреттіліктің қалыптасуын қамтамасыз ететін, сол мақсатқа тірек болатын арнайы әдістемелік жүйенің болмауы мен оның орнын толықтыратын әдістемелік негіздерінің зерттеле қоймагандығы бүтінгі практикадағы сұраныс пен теориялық зерттеулер арасындағы қарама-қайшылықтарды туындалатады.</p> <p>Көрсетілген қарама-қайшылықтан туындалған түйіткілдер теориялық-әдіснамалық тұргыдан негіздеу зерттеудің ғылыми ізденістегі бағытын айқындал, болашақ бастауышсынып мұгалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық мазмұндық моделін, әдістемесін жасау мәселесіне негізделген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p>

	<p>1) <u>айқындаиды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындаиды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім 3 тараушадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша <i>диссертация тақырыбын айқындаиды</i> .	
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	Зерттеу жұмысының қойылған мақсаты мен міндеттері <i>диссертация тақырыбына сәйкес келеді</i> , бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы, яғни жалпы құрылымы мен қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан <i>толық байланысқан</i> . Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамың дұрыстығын дәлелдей, диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерді шенуге арналған.	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері; оның құрылымдық-мазмұндық болмысын моделдеу; тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық және <i>сыни талдау</i> арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.	
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант Ж.Е.Жумаштың диссертациялық жұмысы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қагидаттары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p>Бірінші ғылыми нәтижеге жету үшін ізденуші саута ашуга үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері, философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік аспекттері бойынша</p>

талдады және әдіснамалық негіздерін айқындауда аксиологиялық, мәдениеттанымдық, анропологиялық, гуманистік, синергетикалық, герменевтикалық тұғырларды басшылыққа алды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың мәні мен құрылымын анықтауда ізденуші «креативтілік», «креативті құзыреттілік», «болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» ұғымдары мен түсінктерінің мазмұны байытылып, нақтылауы – бірінші нәтиженің *толығымен* жаңа болып табылатынына дәлел.

Екінші ғылыми нәтижеге жету үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастырудың шарттары; «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» элективті курсын әзірлеу және оқу үдерісіне ендіру; сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастыруды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыратын әдістемелік жүйе құру және оны жүзеге асыру; болашақ бастауыш сынып мұғалімінің сауат ашу үдерісіндегі әрбір сабакты, сабактан тыс іс-әрекеттер жүйесін дайындауга және өткізуге дайын болуы – екінші нәтиженің *толығымен* жаңа екендігін көрсетеді.

Үшінші ғылыми нәтижеге жетуде сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы – үшінші нәтиженің *толығымен* жаңа болып табылады.

Төртінші ғылыми нәтиже ретінде сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастырудың

			әдістемелік жүйесі жасалынып, оның тәжірибеге енгізілуін <i>толығымен жаңа</i> деп санаймыз.
	5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)		<p>Диссертацияның корытындылары толығымен жаңа болып табылады. Теориялық-әдіснамалық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипатының түзілуі бірінші шынайы тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік берді.</p> <p>Диссертацияның «Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды модельдеу» атты екінші бөлімінде автордың диссертациялық зерттеу нәтижесінде зерттеу пәні бойынша жаңа білім алғандығын көрсетеді. Креативті тапсырмалар кешенінің жіктемесі мен сипаттамасы беріліп, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары талданып, оның құрылымдық-мазмұндық моделі түзілді, ал жұмыстың нәтижесі «Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудагы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар» атты үшінші зерттеу жұмысының корытынды бөлімінде карастырылған және зерттеу нәтижелерін растайды.</p>
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		<p>Автордың ұсынған сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру жұмысының гылыми-тәжірибелік негізі <i>толығымен жаңа және негізделген</i> болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, гылыми жарияланымдармен расталынады.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар гылыми тұргыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u>	Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде алынған корытындылар педагогика және бастауыш білім берудегі болашақ бастауыш сынып

		(qualitatively research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	мұғалімдерін даярлауда дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар ЖОО-нда, педагогикалық колледждер мен біліктілікті арттыру тәжірибелерінде пайдалануға болады.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>дәлелденді</u>;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <u>жоқ</u></li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия</u>;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <u>кең</u></li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия</u>;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Докторант Ж.Е.Жумаштың диссертациялық жұмысы бойынша корғауға ұсынылған төрт қағидатты айтуға болады: 1) «Креативтік», «Креативті құзыреттілік» ұғымдары мен «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» түсінігі дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу Креативность будущих учителей начальных классов как научный Педагогика и психология. Серия «Педагогика және психологияның әдіснамасы мен теориясы, №4 (37). – Алматы: КазНПУ имени Абая, 2018. атты мақаласында көрініс тапқан.</p> <p>2) саута ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары дәлелденген, тривиалды емес, жаңа боп саналады, қолдану деңгейі <u>кең</u> және «Научные подходы к развитию креативной компетентности будущих учителей начальной школы в процессе профессиональной подготовки» (Theoretical and practical aspects of modern scientific research: Collection of scientific papers «ΛΟΓΟΣ» with Proceedings of the I International Scientific and Practical Conference (Vol. 2), Seoul, April 30, 2021. Seoul-Vinnitsia: Case Co., Ltd. &amp; European Scientific Platform, 2021. - 91-94, Tulenova U., Makhmetova A., Daurambekova A., Zulkarnayeva Z.) мақаласында дәлелденді.</p>

3) Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың күрылымдық-мазмұндық моделі дәлелденген және негізделген, *тривиалды емес*, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылу деңгейін көң, «Professional teaching competence in preservice primary school teachers: Structure, criteria and levels» (World Journal on Educational Technology: Current Issues. Volume 13, Issue 2, (2021) – 261-271. A.Zhumabaeva, S.Nurgaliyeva, G.Saduakas, L.Lebedeva, S.Zhoraeva) мақаласында дәлелденген.

4) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі жасалып, «Бастауыш сынып окушыларына арналған креативті тапсырмалар кешені», «Креативтік түрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы арқылы дәлелденген және негізделген, *тривиалды емес*, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылу аясын көң, «Креативтік түрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» (Алматы, 2022. – 120 б. (Қосалқы автор: Жұмабаева Ә.Е.) атты оқу құралы мен ««Сауат ашуды оқыту» курсында студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері» Хабаршы// «Педагогикалық ғылымдар сериясы, №4 (64).– Алматы: КазНПУ имени Абая, 2019. –С.137-143) мақаласында дәлелденген.

Зерттеу нәтижелері автордың 11 жарияланымында көрініс тапқан. Scopus базасы тізіміндегі журналдарда – 1 (37 процентиль). КР БжFM Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда – 3, Қазақстан Республикасында және шетелде үйымдастырылған

			халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында – 5. Оқу-әдістемелік құрал – 1. Бастауыш сынып оқушыларына арналған креативті тапсырмалар кешені – 1.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Докторант Ж.Е.Жумаштың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік үстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеу жұмысында аксиологиялық, мәдениеттанымдық, антропологиялық, гуманистік, синергетикалық, герменевтикалық әдіснамалық тұғырлары мен креативті орта, креативті оку үдерісін құру, креативті өнім алу мақсаттылығы, креативті педагог тұлғасын дамыту, креативті педагогикалық рефлексия, креативті тұргыдан жайлы атмосфера құру, креативті трансформация және генерациялау үстанымдары басшылыққа алынған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Теориялық (психологиялық және философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік зерттеулер мен ғылыми еңбектерге талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыру, контент талдау, педагогикалық модельдеу, күрылымдау, ассоциациялау) және эмпирикалық (сауалнама, бақылау, тестілеу, креативті тапсырмаларды талдау, өзіндік бағалау, алынған сандық, сапалық нәтижелерге математикалық статистикалық талдау жасау) әдістер мен деректерді өндөу және Э.Торренстің вербалдық тестілер батареясы; Э.Торренстің фигуралық тестілер батареясы; Э.Торренстің сөз-дыбыстық тестілер батареясы; сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті күзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері (авторлық әзірлеме); сауат ашуга үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілін анықтауга бағытталған сауалнама (авторлық әзірлеме) және т.б. интерпретациялау әдістемелерін

			<i>пайдалана отырып, диссертация жұмысының нәтижелері алынган.</i>
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иа</u> ; 2) <u>жок</u>	Теориялық тұжырымдар Абай атындағы ҚазҰПУ мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен дәлелденді. Зерттеу жұмысының «Ә» Қосымшасында ұсынылған ендіру актісімен расталынған. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	<i>Маңызды мәлімдемелер</i> КР-ның нормативтік-құқықтық құжаттарына, отандық және шет елдік авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарға, зерттеу тақырыбы бойынша халықаралық конференция жинақтары мен журналдарында, КР БжFM Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға <u>сілтемелермен расталған</u> .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	196 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздерден тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иа</u> ; 2) <u>жок</u>	- сауат ашуға үркету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұгалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық негіздеуде «креативтілік», «креативті құзыреттілік» үгымдары мен «болашақ бастауыш сынып мұгалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» түсінігінің нақтыланып, әдіснамалық тұғырлары және ұстанымдарының – болашақ бастауыш сынып мұгалімдерінің креативті

		<p>күзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының түзіліп, білім алушылардың жеке тұлғалық және кәсіби қырларының сипатталуы;</p> <p>– сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті күзыреттілігін қалыптастырудың күрылымдық-мазмұндық моделінің дайындалып, өлшемдік, технологиялық, тұжырымдамалық блоктардан тұратын мотивациялық-мақсаттылық, гносеологиялық, праксиологиялық компоненттердің өлшемдері мен көрсеткіштерінің, деңгейлерінің анықталуы диссертацияның теориялық маңызы бар екендігін көрсетеді.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жогары:</p> <p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және оның нәтижелері болып табылатын «Креативті тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы мен «Бастауыш сынып окушыларына арналған креативті тапсырмалар кешенін» практикада қолдану мүмкіндігі жогары, өйткені алынған нәтижелерді мамандық білім алушылары, бастауш сынып мұғалімдері қолдана алады.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңаболыптабылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және болашақ білім беру педагогтерінің креативті күзыреттіліктерін қалыптастыруды әдістемелік жұмыстың басты бағыты ретінде қарастырып, жоғары педагогикалық оқу орындары оқытушыларымен арнайы дайындықтар ұйымдастыру;</p> <p>-жүргізілген ғылыми-зерттеуіміздің негізінде дайындалған «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» атты элективті курс пен әдістемелік жүйені болашақ бастауыш білім беру педагогтеріне дәріс окуда, семинар сабактарын өтуде пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру.</p> <p>Аталған зерттеу нәтижелері болашақта жоғары педагогикалық оқу орнындарында мамандар даярлау</p>

			мәселесіне арналған жұмыстарды жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы <b>жоғары</b> . Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

**Шешім:** 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Жумаш Жанара Еркиновнаға философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент,  
педагогика ғылымдарының докторы,  
Туран-Астана университетінің профессоры

К.М.Нағымжанова

07.06.2022

